


егемен Қазақстан

БЕЙУАҚТЫҢ БЕЙБАҚ БҮЛБҰЛЫ



Шыңжаң қазақ жазба әдебиетінің негізін салған Таңжарық Жолдыұлының есімі бұрын негізінен Іле, Алтай, Тарбағатай аймақтарында мейлінше мәшһүр болса, бүгінгі күні оның мәйекті де мағыналы әдеби мұрасынан күллі Алаш жұртшылығы хабардар. Қытайда туып, сол жақта дүниеден өткен ардақты ақынның біраз шығармасы ыждаһатымен ынтызары бөлек жандардың арқасында сонау кеңестік кезеңде-ақ шекара аттап, бергі бетке жетіп үлгерген-ді. Қырағы көздердің сүргі-сұрпынан сығымдала өтіп барып, күйеу баласы – танымал жазушы Бұқара Тышқанбаевтың құрастыруымен 1974 жылы «Армантау» атты жинағы баспажүзін көрді. Ұлт мүддесіне адал ұстазғалымдар Бейсенбай Кенжебаев және Әсілхан Оспанұлының жетекшілігімен оның поэзиялық мұрасы жөнінде сол уақыттағы студенттер, болашақ белгілі зерттеушілер Тілеужан Сақалов пен Әлімғазы Дәулетхан – бірі Алматыда, бірі Шымкентте диплом жұмысын қорғады. Бірақ кандидаттық зерттеу жазуға талпыныстарының жолына тосқауыл қойылды. Сазгер ақынның «Амандасу» әні Дәнеш Рақышевтің орындауында таспаға басылып, ел ішіне тарады. Сөйтіп, құрсауы қатты қоғамның тыйымдарына қарамастан, Таңжарықтың тағдыр-талайы мен туындылары жұртшылықтың аузына ілікті, көкірегіне қонақтады.

Тәуелсіздік тұсында таңжарықтанудың тыңнан тынысы ашылды. Осы орайда оның құнарлы қазынасын түгендеу мен танытуға күллі ғұмырын сарп еткен жазушы Оразанбай Егеубаевтың еңбегі ересен. Ақынның өмірін және өнерпаздығын зерттеушілер мен зерделеушілердің қатары қалындап келеді. Таңжарық жәдігерлігін талдап жүргендердің ішінде Серік Негимов, Амантай Кәкен, Дүкен Мәсімханұлы, Тұрлыбек Мәмесейітов, Бауыржан Омарұлы, т.б. білікті оқымыстыларымыз бар. Қазір ақынға туған топырағында ескерткіш қойылған, ол туралы телефильм түсірілген және роман жарық көрген, шығармалары дүркін-дүркін кітап болып басылған. Мерейтойлары өткізілді. Ел байтағы – Астана қаласында атына көше берілді.

Сөйтіп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, «Шыңжаңдағы әдебиеттің жарық жұлдызы – Таңжарық Жолдыұлы шығармалары туған әдебиетіміздің төрінен лайықты орын тапты». Бұл – ұлтының, ұрпағының болашағына жанжігерін жұмсаған асыл азаматтың тарих күресінінде қалмағандығының белгісі.

Академик Зейнолла Қабдолов бейнелі түрде «бейуақтың бейбақ бұлбұлы» деп сипаттаған ақын Таңжарық Жолдыұлының өмірі заманалық талас пен тартыс, арпалыс пен ауыртпалық ызғырығының өтінде өтсе, өлеңдері соған сәйкес өжеттікпен, өрлікпен суарылды. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы Алаш арыстарымен мұраттас қаламгер жырларының сексен пайызының Гоминдаң қапасханаларында жазылуы – елім деп еңіреген ердің тағдырдан көрген теперіші.

Бүгінгі күні Таңжарықтың рухы әулетіне тізесін батырған Нүптебек байдың – өзі ауыздықтап мініп кететін, біреулер «жырық көк», келесі біреулер «сетік көк», енді біреулер «бәйге көк» деп атайтын қолтығының астында қанаты бар сәйгүлігімен көктей шауып, сонау XIX ғасырда Цинь империясы мен Ресей патшалығы бөліп тастаған қазақ сахарасының арасы ажыраған алаптарын жалғап жүргендей көрінеді. 1922- 1925 жылдары, жиырманың о жақ, бұ жағындағы жасындай жарқылдаған, орақ ауыз, от тілді жігіттің Нарынқолдағы нағашы жұртына табан тіреп, Қарқара жайлауында Қойдыммен айтыстың көрігін қыздырған уақытында, ертеңгі күні қайран еркіндікке бір жұтым ауадай зар болары қаперіне кірді ме екен? Ол – мойнына бұлттан бөкебай ораған биік шыңдарға карап өскен тау тарпаңы еді.

Жасшылық дүрілдетіп желше келген,

Сарылдап таудан аққан селше келген.

Он бес пен жиырма-отыз арасында,

Бар ма екен қызығыңды менше көрген?! –

дейді ол өзінің осы бір албырт та алымды шағы туралы («Жасшылық» өлеңі).

Қазақстанға сол сапарында большевиктердің Алаш ардагерлерін шетқақпай етіп жатқанын көзімен көрсе де, олардың ордалы отансүйгіштігін, саялы санаткерлігін, қажырлы қайраткерлігін бойына сіңіре байыптағандығы күмәнсіз.

Сондықтан да қатыгез Шың Шицай билігі ұлт зиялыларының басына қара бұлт төндіріп, сол қысым-қыспақтың пәрменімен абақтыға жабылғанда: «Сыртым сау, ішім түтін қапалықпен, Бұл күнде көңілім жүдеу, қасіретім мол. Теренге түсіп еттім, ұстар тал жоқ, Елжұртым, есіңе алып, жәрдемші бол. Шарықтап көкте жүрген ақсұңқарға, Оралса оңай екен жайылған тор», – деп сары уайымға салынған ақынның сағы бәрібір сынған жоқ еді («Іле түрмесінен»). Өйткені:

Көксеген арманыма жетіп өлсем,

Шірімес қабырда да тәнім менің, – деген қайтпас қайсарлығымен ел-жұртын ұшпаққа шығарсам деген арзу-арманы бар-тұғын.

Сол үшін Шығыс Түркістанға бас сауғалап барған Алаш қайраткерлері Райымжан Мәрсековпен, Ыбырайым Жайнақовпен (қуғынға ұшыраған бұл арыстардың сүйектері қайда жерленгені әлі күнге дейін белгісіз. – А.Ш.) және басқа дамүдделес серіктерімен тізе қосып, ұлт майданына бел буа кірісті.

Шыңжаң қазақтарының қазақ тіліндегі «Іле өзені» атты алғашқы газетін шығарып, оның бірінші санында: «Қалың ел қазақ, енді аш көзіңді, Оқып көр газетіңді, өз сөзіңді.

Әділет, шындық жолын үйретеді, Ашады ащы шайдай аң сезімді. Айнадай жарқыратып көрсетеді, Мін бар ма, қолға алып, көр өзінді», - деген арнауын жолдайды. Бұл басылым ол жақтағы ағайын үшін Әлихан, Ахмет, Міржақып басында тұрған «Қазақ» газеті секілді міндет атқарды.

Таңжарық Құлжада тұңғыш театр ұйымдастырып, оның сахнасының шымылдығын Бейімбет Майлин шығармасының қойылымымен ашты. Өзі актер ретінде рөл сомдады. Композиторлық қабілеті аян болып, әндері шырқалып жатты.

Бұған қоса, ел арасында беделі зор тұлға Мақсұт Сасанұлымен бірге «Қазаққырғыз» мәдени-ағарту ұйымшасын құрды. Мұғалімдер дайындайтын курс ашуды қолға алды.

Бала күні туған ауылында ғұламалығы терең Мыңбай молладан хат танып, араб, парсы тілдері мен әдебиетін жетік меңгергендігі, Әбділхамит әпенді деген татар мұғалімнің ұстаздығымен жаратылыстану пәндерінің тылсымына бойлағандығы, кейін Іледегі «Күре шуетаны» атты оқу орнында қытайша тиянақты дәріс алғандығы, одан соң Нарынқолдағы орыс-қазақ мектебінде оқығандағы – осының барлығы Таңжарықтың жан-жақты білім иесі болуына, табиғи талантын одан әрі ұштауына негіз қалады. Әрі ақын шығармашылығының бір шоғырын ағартушылық сарындағы өлеңдер құрайды. Бұл ретте ол қазақтың мінезі мен менталитетін парықтаған Алаш қайраткерлерінің сыншылдығымен және сарапшылдығымен толық үндес. Ақынның «Ахмет атын бұзып, болды «маса», Сөз жазды қос қыртысты, беті таса»; «Жазылды Міржақыптан «Оян, қазақ!», Ескерді оны қашан «ноян» қазақ?» немесе «Бертінде Сұлтанмахмұт не деп еді? Ар-ождан, намыс, жігер қайда қалған?», т.с.с. сөздері осы сабақтастықты айқын аңғартады.

Жалпы, Таңжарық – үйренген үлгісі үлкен ақын. Өзі айтатын Абай, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Әсет, Әріп, Мұрын, Омарды былай қойғанда, зерттеушілер оның өлеңдерінен Мағжанмен, Ілияспен, Нарманбетпен, тағы басқа сөз жампоздарымен үндестіктер табады. Халық әдебиетінің қайнарынан қанып ішкені екібастан анық аңғарылады. Поэзиясының алуан тараптылығы, көп үнділігі, жанрлық байлығы, төкпе рәуіші – осындай әмбебап ізденістерінің жемісі.

Задында, «әдеби дәстүр», «әдеби жалғастық», «әдеби сабақтастық» ұғымдарын зерттеп-зерделегенде, жалпытақырыптық жайттар мен сырттайғы үндес үлгілерді барлап-бағдарлағаннан гөрі, поэзияның көзге шалына бермес ішкі желілерін, ыңғайлас сарындарын безбендей білген абзал. Осы тұрғыдан қарағанда, Таңжарық поэзиясының да алдыңғы арналары, соңына қалдырған соқпақтары бар. Жыр әлемі үшін орны оқшау бір ғана «жүрек» сөзінің қолданылуымен құбылуарқылы осы құбылысты парықтап көрелік.

Марғасқа ақын Мұқағали Мақатаев өзінің «Қазақ жырының бір жылы» атты мақаласында: «Ақын жүрегінің жауы да, жанашыры да – ақынның өзі. Ақын жүрегін, жүрегінің сезімін зерттей отырып, оларды адамдық биік парасатқа бағыштай білгенде ғана, оның үні халықтық үнмен, азаматтық үнмен тоғыспақ. Сонда барып ақындық «мен» халықтық «менге» ұласпақ», – деп жазыпты. Бұл пікірін ол өлеңінде мына жолдармен тиянақтайды:

Айтып өткен ақында арман бар ма,
Жүрегінің түбіне кір жасырмай...

Ал мұның Таңжарық жырларына не қатысы бар? Бұл үшін келесі шумақтарды оқысақ, түсінікті болатын секілді:

Ақын бар ағындаған тасқын судай,
Сөзбенен жүректегі кірді алады.

* * *

Терең сөз таппаған соң шерім шықпай,
Ашылмай жүрегімде кір қалады.

Әлбетте, Таңжарық пен Мұқағали өлеңдеріндегі «жүректің кіріне» байланысты бұл образдық ұқсастық, тіпті поэтикалық кредоларындағы әлдебір идеялық-көркемдік сәйкестікжайдан-жай емес. Бергі дәуір ақынының ілгері кезең сөз санлағының

шығармашылығымен белгілі бір дәрежеде таныс болғандығы туралы ойға еріксіз жетелейді.

Жалпы, қазақ халқының бағзы заманнан келе жатқан дәстүрлі дүниетанымында «жүрек» сөзі батырлық («ер жүрек») пен қорқақтықтың («су жүрек») символы ретінде ғана қолданылып келгендігі аян. Сезім атаулының баршасы адам баласының тағы бір аяулы мүшесі – бауыр арқылы білдірілген. Міне, осы ғасырлар бойғы ғұрыпты бұзып, өзінің он төртінші қарасөзіндегі тұжырымдасымен салтсанамызға жаңалық енгізген – данышпан Абай. «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа, жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын «өз бауырым» деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтық та – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды», – дейді ол. Сөйтіп, «жүрек» сөзін сан алуан эпитет арқылы бедерлеген ұлы реформатордың «Адамның кейбір кездері» атты өлеңінде келесідей шумақ бар:

Сылдырлап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай,
Кірлеген жүрек өз ішін
Тұра алмас әсте жуынбай.

Сөз жоқ, осындағы «кірлеген жүрек» – Таңжарық пен Мұқағали екеуінің жоғарыдағы жыр жолдарының қайнары.

Таңжарық өлеңдерін оқып отырғанда, көзге шалынатын бір қызық жайт бар; ол – ақын жырларында басқалардан алынған тұтас шумақтардың немесе жекелеген жолдардың арагідік кездесіп қалатындығы. Айталық, ол «Адалдық пен арамдық» атты өлеңінде таза «абайшалап» кетеді:

Сеніп кете жаздаймын,
Күнде алдағыш қуларға.
Есім шығып саспаймын,
Мен ішпеген у бар ма?
Тәуекелден бастаймын,
Түпсіз дария суларға!

Осындағы алғашқы төрт қатар азкем өзгеріспен ұлы ақынның «Құлақтан кіріп, бойды алар» өлеңінің таныс жолдарын қайталаса, соңғы екі тармақ – Таңжарықтың өз жанынан қосқаны.

Сол секілді, ақын «Бір мысал» атты қысқа толғауының аяғында: «Ай да болар күннен соң, Күн де болар түннен соң, Құлпырып тұрған бәйшешек, Қурай болар солған соң», – деп, Бұқар жыраудың соқпағына түседі.

Мұндай мысалдар тағы да баршылық. Бірақ Таңжарық шығармашылығын зерттеушілердің бірде-бірі мұны не байқамаған, не көре тұра ескерусіз қалдырған. Өйткені, бүгінгі күннің әдебиетшісі бұған баға берсе, «плагиат» деген ұғымға жүгінуі ықтимал. Сонсоң Таңжарықты қалай «ақтарын» білмей, «қиналуы» да мүмкін. Шын мәнінде солай ма? Жок. Мәселенің түп-төркіні басқада.

Әңгіме жер жүзілік әдеби дамудың ортақ заңдылықтарының барысындағы керемет кілтипанға тіреледі. Негізі, қазіргі өскелең ғылым көркемдік сананың үш түрлі сатысын ажыратады, олар: 1) архаикалық немесе мифтік-поэтикалық сана (поэтикасыз поэтика); 2) дәстүршіл немесе нормативті сана (стиль мен жанр поэтикасы); 3) дара шығармашылдық немесе тарихи сана (авторлық поэтика). Міне, кәсіби әдебиеттің төріне құлаш ұрған Таңжарық Жолдыұлы, бір жағы, өз өлеңдерінде дәстүршіл (нормативті) көркемдік сана талаптарынан әлі толық шідер үзіп кетпеген-ді. Сондықтан ол әдеби әдепке сәйкес, үйреншікті үлгіден шет-шығандай алмаса, екіншіден, таныс тақырыпты жаңаша жырлауды керек еткен кездерде соны сүрлеуге бет бұруға сөзсіз ықыластанды. Дегенмен, «шығармашылық еркі шектеулі» ақын өз ізденістерін дәстүрдің аясындажетілдірді, жаңашылдықты поэтикалық түрленту (варьирование) арқылы жүзеге асырды. Сұңғыла

санаткер Құдайберген Жұбанов айтпақшы, «оның жаңалығы бұрынғының үстіне жаңа бояу жағу түрінде болды; жаңа шығармасы да сол ескі тамырға көктеп өсті». Басқаша айтқанда, дәстүршіл сана аумағында авторжанр мен стильді таңдап тудырған жоқ, керісінше – жанр мен стиль авторды тәуелділікте ұстады.

Дәстүршіл поэзияда кез келген жанрдың ауқымында рет-ретіне қарай белгілі бір топостар мен тақырыптарды, ал қайсыбір тақырыпқа қатысты соған өзектес фразеологизмдер мен образдар жүйесін қолдану алдын-ала көзделді. Бұл өз кезегінде ортағасырлық «поэтикалық» ауысулар теорияларында тиянақталды. Құюлы қалыптан шықпай-ақ, тақырыпты түрлентудің айла-амалдарын көрсететін риторикалық және поэтикалық көркемдеуіш тәсілдер туралы қисындар да жарық көрді. Және әдебиеттанушы Әнуар Дербісәлин дұрыс байыптағандай, ол заманда «өзінен бұрынғы не өзімен тұстас беделді де белгілі ақындардың өз көңіліне ұнаған өлең, жырларын өз шығармасына қосып айту кейінгі ақындардың шығармаларын нәрлендіріп, көпшілік алдында өркештендіріп отырған» (XX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 16-б.). Осы салтты қазақ поэзиясы да бастан кешті. Мысалы, Шал ақынның өлеңіндегі:

Мақтанба малым бар деп бағыңызға,

Бағыңыз тұрса жақсы тағыңызда.

Саныңды аузыңды ұстап бір соғарсың,

Басыңнан бағың тайған шағыңызда, – деген шумақ Жаяу Мұса мен Ыбырай Алтынсаринның шығармаларынан пәлендей айырымсыз ұшырасады. Бұл үрдіс XX ғасырдың басындағы әдебиетте де көп кезігеді. Айталық, сол тұстағы белгілі қаламгер Көлбай Тоғысовтың «Ай, қазақ» атты өлеңінде «Абайдың әртүрлі өлеңдерінің ой, идеясы ғана емес, жекелеген сөздері ғана емес, тіпті тұтас жолдары қайталанып жүр» (Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. Алматы: Жазушы, 1966. 181-б.). Ғалым Мекемтас Мырзахметұлының деректеріне сүйенсек, ұлы ақынның «Кнәз билән Зағифа», «Сұлу қыз», «Әлқисса хикаят бәйіт» атты кітаптарға, сондай-ақ баспагер ақын Жүсіпбек Шайхысламұлының жинағы кіргізілген дүниелерінің бірқатары едәуір өңделіп-өзгертілген; тіпті оларға қатысты Абайдың аты ауызға алынбай, басқа біреулердің есімдеріне еншіленген екен. Сол сияқты, К. Шахмарданұлы деген ағартушы Қазан қаласында «Кел, балалар, оқылық» атты жинақ шығарып, Ыбырай Алтынсаринның осы аттас өлеңін «Қазақ хрестоматиясындағы» түпнұсқасынан сәл алшақтатып, өз кәдесіне жаратқан. Міне, мұндай фактілер есейген, ержеткен поэзияның өре-өлшеміне салғанда ерсілік сияқтанғанымен, екінші жағынан – жазба әдебиетке бет бұра бастаған шақта қолына қалам ұстағандардың баршасы бірдей дәргейі мықты дәстүрдің аясынан алысқа ұзай алмайтындығын айғақтайды; сонымен қатар, шығармашылық әлеміндегі ескілікті, ерқашты поэтикалық инерцияның тез арада тоқтап-тынбайтындығын көрсетеді.

Әлгі өнерпаздық әдет канондық поэзияда – әдепкі нәрсе, тіпті әдеби этикет санатында еді.

Таңжарық туындыларындағы бұрынғы барды қайта қолданған жерлерге осы тұрғыдан баға берген жөн.

Ақынның соңына қалдырған шығармашылық мұрасы бай. О. Егеубаевтың мәліметіне иек артсақ, 129 лирикалық өлеңі мен толғауы, 7 өлең-романы, 5 қиссасы, 6 айтысы, 11 әні белгілі екен. Зерттеушілер алдындағы ендігі міндет – осыларды әр қырынан талдап-таразылап, ерекшеліктерін екшеу және әдебиеттану ғылымының тұрақты айналымына қосу.

Қорыта айтқанда, биыл туғанына 110 жыл толып отырған Алаш арысы Таңжарық Жолдыұлының өмірі мен өнерпаздығын шола барлағанда түйген пікір-пайымдарымыздың бір парасы осы.

Амантай ШӘРІП.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры